

ЕРІК АСҚАРОВ



ББК 84 Қаз 7-5

А 11

А 11 Асқаров Е.

Қазақстан ғасыры. Өлеңдер. –
Астана, 2001. – 88 бет.

ISBN 9965-571-04-X

А $\frac{4702250202}{00(05)-01}$

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-571-04-X

© Асқаров Е., 2001.

Осы кітаптың жарық көруіне демеушілік көрсеткен Көкшетаудағы “Васильковка кен байыту комбинаты” акционерлік қоғамының президенті Хасен Қабдоллаұлы Әбсаламовқа және кәсіпкер Ахметов Азамат Қуатұлына Алланың ризашылығын тілеймін!

АВТОР.

ҚАЗАҚСТАН ҒАСЫРЫ

(публицистикалық поэма)

Өткен тарихымыз бізге талай-талай тағылым қалдырды. Халық өзекті өртер өкінішті сәттерді бастан кешудей кешті. Ал бүгін қазақстандықтар өз тағдырына өздері ие болып отыр. Жаңа ғасыр келіп қалды. Мен бұл ғасыр Қазақстанның тарихындағы ең гажап ғасыр болады деп сенемін.

Нұрсұлтан Назарбаев.

БАСТАУ

Әлем мынау ғарасат майданында,
Жайлануға мұрша жоқ, ойлануға;
Қайғысына қабарып қаралы жер
Күннің көзін көңілсіз айналуда.

Бір-біріне ел мен ел жасануда,
Кек құрсағы майданмен босануда
Күнді айналып қара жер қартайса да
Жылды айналып адамзат жасаруда.

Жағасында жайқалып бал құрағы
Өмір-өзен қалайша сарқылады:
Халық біткен ұмтылып азаттыққа,
Адам біткен тірлікке талпынады.

“Інжілге” де иланбай, “Құранға” да
Алданады жалғанға құмарлана;
Халықтардың билігі патшаларда,
Адамзаттың билігі бір Аллада.

Алла әркімге несібе берген болар,
Қасында оның бұйрыққа көнген қалар;
Мүсіркейміз үйі жоқ адамдарды, -
Жер бетінде елі жоқ елдер де бар.

Шөлге қонған елдер бар көл көрмеген,
Мұзға қонған елдер бар жер көрмеген.
Ырғын ел қып өсіріп шүйгін жерде-
Алла бізді ешкімнен кем көрмеген.

Алла біздің халыққа иігендігі-
Тәуелсіздік қолына тигендігі,

Тәуелсіз ел тізгінін Сізге берсе-
Сіз де Алланың, Нұр - аға, сүйген құлы.

Елуінде ел құлап дәргейіңе.
Алпысыңда толыстың деңгейіне.
Бұл қазақта қыран көп қалықтаған,-
Әркім шыға бермеген ел көгіне.

Толастамай шайқасың, тартысың да,
Бақтың көрдің омысын, алшысын да.
Аға болып еліңе елуінде,
Атасына айналдың алпысыңда.

Тыңдап жүрсіз жырауды, жыршыны да,
Көріп жүрсіз міншіні, сыншыны да.
Табылар ма тоқсанда Бұхар-баба -,
Қырықтағы құлақ сал қыршыныңа.

ИМПЕРИЯНЫҢ КҮЙРЕУІ

Қазақстан КСРО құрамында
Көтерісті бейнетін, ұранын да;
Коммунист боп көз жұмып ақсақалың,
Атеист боп туатын ұлананың да.

Шыр айналып тарихтың дөңгелегі
Аз-ақ жылда өзгерді ел бедері.
Маркс пенен Ленинге ұйығандай
Біздің қазақ Аллаға сенбеп еді.

Пұт көрген соң әркімді бағландары
Соңына ерген ел кімге алданбады.
Абай, Шоқан, Ыбырай, Ахметтің
Өсиетін ұғатын жан қалмады.

Иман еді солардың үндегені,
Иман өлсе - арың да бірге өледі.
Ар-имансыз қалған ел жау деп ұқты,
Арыстарын атылған түрмедегі.

Дінім бір деп дінсіздің “дініменен”,
Айыменен теңеді, Күніменен.
(Хрущевқа күмәнмен қараса да),
Сталинге ел сенді шыныменен.

Сөге алмайсың ешкімді сенім үшін,
Сенімінің болаттай берігі үшін,
Миллиондар бас тікті құрбандыққа
Сталиннің жолында өлу үшін.

Жылдан жылға ұлғайып елде сенім,
Тіршіліктің ұмытты өзге есебін.
Қырық бір мен қырық бес-біздің қазақ
Өз Отанын қорғады, өз көсемін.

Ашықты деп отандас Сібірдегі
Тың көтерді, даласын тілімдеді.
Көзге шұқып саналды кірген ырыс,-
Есеп болмай жерінің бүлінгені.

Түрен түсіп жатса да жайлауына
Жатсынған жоқ күректі, қайланы да.
Өз елінде өгейлік көріп жүріп
Өз жерім деп таныды Тайганы да.

Елдігінің жұрнағы қалмаса да
Құмар болды даңғаза, далбасаға.
“Менікі - деп-Байқоңыр!”- кеуде қақты
Маңайына бір қазақ бармаса да.

Бірер жылда мал кетпей өрісінен
Шығып жатты озаттар ел ішінен.
Білім берді Отаны көл - көсір қып,-
Тек тарихты оқытты терісінен.

Ертегімен елігіп алдағанға
Диссидент деп ат бердік нанбағанға.
Ұлт боп ұйып отырар кім бар еді
Қырғиқабақ соғысы болмағанда.

Өгей ұлдай тепкілеп өзегіне
Империя таянды кезеңіне.
Алматыда, Бакуда, Балтияда
Сына қақты Горбачев өз еліне.

Жетпіс жылғы жентектің өтеуіне
Келіп қалды озбыр ел кетеуіне.
Жендет кетті Мәскеуге. Өзіңіз кеп
Жегілдіңіз туған ел жетегіне.

Бір жағыңыз- өрт еді жалындаған,
Бір жағыңыз-өр толқын қабындаған,
Қырық темір қылауы қосылғанда
Жорға едіңіз жүрістен жаңылмаған.

Янаевтың бүлігін талдағанда,
Шегінетін жеріңіз қалмағанда,
Лукьяновтың айтқанын Сіз туралы
Жария етті Олейник бар ғаламға.

Билеген жан кезінде тамам елді,
Залда отырып әркімге баға берді:
“Назарбаев осылай сөйлеген соң-
Бітті бәрі. КСРО тәмам енді”

Шемен болған шеріңіз тарағасын,
Он екі елдің шақырып ел ағасын,
Тұсау кесіп ТМД-ның Алматыда
КСРО-ның шығардың жаназасын...

Достық қолын ешкімнің қақпаймын деп,
Дәстүрлердің озығын сақтаймын деп,

Ту көтеріп шықтыңыз аренаға
Евразия тұлпарын баптаймын деп.

Гумилевтің ілімі бірге бізбен;
Көршілермен бір мақсат-мүддеміз де.
Көшім жұрты мәңгілік жат қолында,
Ресей де мәңгілік іргемізде.

Шығарсаң да басына қай төбенің
Бауырыңда бұл күнде байтақ елің.
Керей менен Жәнібек салған ізге
Тарих бізді түсірді қайта әкеліп...

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЛЫМЫ

Сар далада азат ел сайрандаған...
Күн бар ма еді сағынып қайғы алмаған,
Көзден ұшып кетіп еді басқа қонды
Ата-баба аңсаған қайран заман!

Өз-өзінен азаттық келе ме енді,
Талайлар таң: кім берді? неге берді?
Тәуелсіздік емес деп мынау келген,
Сөз шығарды дүбара: “егеменді”.

Тал бесіктен жеткенше жер бесікке
Бір арманды бабалар тербесіпті;
Құлдық сана оңай ма сілкінуі-
Жатырқады дербес ел дербестікті.

Тексіздікті тегім деп тепсінгендер-
“Жаңа қазақ” дейтұғын екпінді ерлер,
Талай-талай тұнықты лайлады
Бас азаттық-бассыздық деп білгендер.

Қараусыз қап ауылда қара шалың,
Жастар дәмін татуда “жаңашаның”.
Жезөкше қыз таптатып ар-намысты,
Ұл айналды құлына анашаның.

Шенеуніктер тиылмай ұрлығынан,
Сұмдар пайда табуда сұмдығынан.
Азаттықты көрмейді Қазақстан-
Арылмаса қазағың құлдығынан.

Өз туысы жатса да соры қайнап
Көтермейді шенеунік бөрі байрақ.
Майшелпектен айырсаң, тұшталаңдап
Шыға келер қарсыңа “Елім айлап”.

Өременен тоқтатып өрлегенін,
Керек боп тұр күн сайын тергегенің,
Даусыңызды естісе дауаланар-
Үш мәртебе дауысын берген елің.

Жүз халықтың баласы бауырдағы,
Бабын табу баршаның- ауыр бәрі.
Абылайдан аманат қалған жұртың-
Қарақат көз қазағың ауылдағы.

Тәубесінен жаңылмай, танымынан,
Ажырамай ел өссін тамырынан.
Аузындағы уызын айырбастап
Күлше қылар бөтеннің қамырынан.

Ел қылсам деп елімді амалдайсың,
Өр шарғыны безбендеп, бағамдайсың.
Еркек-әйел, жас-кәрі арақ ішсе-
Имансыздан ел құрап, баға алмайсың.

Өзәзілдің қызықтап арбағанын
Сәби халық сезбейді сорлағанын.
Шенеунігін түземей ел түзелмес,
Дін түзелмес жөндемей молдаларын.

Жақсылықа ел жарып жөргегінде,
Қалықтаса бейбіт күн ел көгінде-

Ар-иманды ұрпағың жетілгенде
Қайтар, Аға, азабың, еңбегің де.

Оған шекті дамыл жоқ жаныңызға,
Сорыңыз да- мынау ел-бағыңыз да.
Еліңіздің елдігі, ездiгi де
Елбасылық сын болар арыңызға.

Зұлқарнайын сақтармен соғысқан жер,
Батыс пенен Шығыс кеп тоғысқан жер
Қазақстан барысқа айналғанда-
Әлем Сізді мойындап арыстан дер.

Жүгін артып жүрген соң ақтабанның,
Елдің сырын бұл күнде жаттап алдың:
Өзіңізде теңіздей тілегі бар
Көзіңізге көлдей қып мақтағанның.

Желден оңай нәпсінің қозғалмағы,
Пендеге оңай нәпсіге алданбағы.
“Ұлы!”-деген ұлы сөз ұрпақ айтар-
Замандастың ауызында арзандады.

Дәмесі бар әркімнің ұлылықтан,
Ұлылықтың қайсы бар сырын ұққан.
Ұрпағының алғысын алары анық-
Елін алып шыққандар тығырықтан.

Үміт гүлін ектіңіз бақшамызға,
Әрбір таңды дұғамен ашқамыз да:
“Тауфық берсін жердегі патшаларға,
Саулық берсін елдегі патшамызға!”

АРҚАДАҒЫ АСТАНА

Еліміздің астанасы Қызылордадан Алматыға көшкенде қырғыз ағайындар: “Бұ қазақтар өздері көшуін қойғанымен, астанасын көшіруді қоймайды,”- деп өзіл айтқан екен.

/Мағжан Жұмабаевтың жары-Зылиха апайдан естіген әңгімем/

Көрмегендер көрсем деп қиялдаған,
Тамсануын көрген жан тия алмаған,
Алатаудың алқасы алтындатқан-
Алматыны қиналмай қияр ма адам.

Қиналдығыз, әрине, толғандығыз,
Батпан жүкті гүрзідей қолға алдыңыз,
Жәнібек пен Керейдей Шуға көшкен
Алатаудан Арқаға қозғалдыңыз...

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ақ ала Ордаң қонған жұрт,
Алаң қағып жұрт үшін
Арқадан іздеп тапқан жұрт;
Бегазы менен Дәндібай
Қалдырып кеткен мұраның
Марғұлан шаңын қаққан жұрт;
Абылай қонған Көкшетау
Көз ұшында жатқан жұрт;
Қазақтың қамал-қорғаны-
Бөгенбай дабылдатқан жұрт;

Жез таңдайлы, алтын жақ
Бапан би мен Саққұлақ
Алашқа сөз қатқан жұрт;
Кәуір салған қамалды
Кенесары шапқан жұрт;
Ұзын Қыпшақ хан Нияз
Қаракөлге қаптатып
Қырық мың жылқы жапқан жұрт;
Балуан Шолақ бағланым
Ғалиясын тапқан жұрт;
Иманжүсіп саңлағым
Түрмесінде жатқан жұрт;
Ғазиз бенен Құлтума
Әннен алқа таққан жұрт;
Күңіреніп Ықылас
“Ерден” күйін тартқан жұрт;
Сағынайдың асында
Үш жүзге сауын айтқан жұрт;
Ақан сері ардағым
Құлагерден айырылып
“Бөрібайлап” қайтқан жұрт;
Күш атасы- Қажымұқан-
Қабыланды тапқан жұрт;
Сары бел мен саумал көл
Жаудың көзін тартқан жұрт;
Қарақұрттай шұбырып
Қарашекпен жапқан жұрт;
“Сарыарқам!” -деп еміреніп,
“Зар заман!” - деп күңіреніп,
Ақындар зарын қаққан жұрт;
Совдеп құрып Сәкендер-
Жаңа күні атқан жұрт;



Жаңа күні кеш болмай
Ескі орнына батқан жұрт;
АЛЖИР-не айдалып
Жампоздардың жарлары
Жалаңаяқ жар кешіп,
Қызылаяқ қыр кешіп
Қызылдың қойын баққан жұрт;
Тың көтеріп, ұран сап,
Ту далаға түрен сап,
Тентіреп келген тексіздің
Тепкісінде жатқан жұрт;
Моласына дән сеуіп
“Алтын жұлдыз” таққан жұрт;
Қазақшаның тамырын
Қара балта шапқан жұрт;
Қарт бабаға жас бала
Орысша шүлдір қаққан жұрт;
Жан алқымға келгенде
Тұяқ серпіп баққан жұрт;
Ерейменді неміске
Бер десе де бергізбей
Шиыршығын атқан жұрт;
Батырдан қалған ерлігі,
Билерден қалған елдігі,
Мінезінің кеңдігі
Суалса да сарқылмай
Жылғасында аққан жұрт;
Жақсылар мен жайсаңдар
Жамбасы тиіп жатқан жұрт;
Өткен күнге ой салып,
Келер күнге көз салып,
Күмәнменен тоқталып,

Тәуекелмен оқталып,
Талайларға сөз салып,
Күні-түні толғанып,
Бүгінім деп беркініп,
Ертеңім деп емініп,
Осынау байтақ даладан
Өзіңіз іздеп тапқан жұрт;
Көк туыңыз желбіреп,
Көк қазықты қаққан жұрт;
Алты құрлық адамы
Аттың басын тіреді-
Көп көңіліне жаққан жұрт;
Мәңгілікке сапарын
“Иншалла,” - деп тартқан жұрт!...

Көз қуанып күн сайын көркеміне,
Көңіліміз сенеді ертеңіне
Қазақстан- алып ел, төрі-Астана,
Тағзым ғана лайық ел төріне.

Сын сағаты соққанда арымызға-
Туған ұлдар аз емес бағымызға;
Талғат сізді ғарыштан құттықтады,
Тоқтар тұрды жарасып жаныңызда.

Талай дүбір, бәсеке әлемдегі
“Қазақ!” - деген дауысқа елеңдеді.
Жас ұрпақтың пәрменді ақыл-ойын
Үндістанда Дәрменің дәлелдеді.

Ұл-қызыңның нұр жауып талабына,
Додалардан тартты сый, бағаны да

Астананың өнерін мойындады
Әлем құлап Айманның аяғына.

Паворотти тамсанып “Ла Скаласын”,
Өз әнімен жеңер-ау бақталасын;
Бекболатпен бой теңер қайда бұлбұл
Әнмен қырар қазақтың Астанасын.

Таңсық көрдік қаңсығын өзгелердің,
Туар ма екен бұл мінез өзгерер күн.
Жайлауыма татысын қалам менің,
Ойнағына айналмай кезбелердің.

Шаңқан ауыл тіккендей көк белге кеп,
Елден қолдап салдыңыз, көктен жебеп.
“Синеманың” фрагын сыпыратын
Астанаға қазақы шекпен керек.

Алты алаштың ендігі құтханасын
Болаттай қыл, іргесін мықтағасын.
Қазақ салған қаланың келбеті деп
Жұрт танысын алдымен ұлт қаласын.

ТҮЙІН

Абыройлы істер бар атқарылған,
Ерлік те бар дос танып, жат табынған.
Қазақ деген бір ұлтты біріктіру
Оңай емес жүз ұлтты баққаныңнан.

Оймен шолып, бағамдап айналаны,
Қиналасыз: елдіктің қайда амалы?
Қазақ деген бір елге айналғанда
Әлемдегі ұлы елге айналады.

Қазақ деген дана жұрт, дара батыр,
Сарқыт емес, сыбаға алады ақыр.
Қазақ жүзге бөлуін қойған күні
Жау басына орнайды заманақыр.

Алла жазса, ол күнді көз көреді
Кемеліне толады ел, өзгереді.
Қазақстан кемесі Сізбен бірге
Толқынында тарихтың тербеледі.

Жаулыққа бар, достыққа болған елің,
Шейіт кету-жігітке арман өлім.
Қоқан-лоққы жасаған көрші-қолаң
Тауып алсын картадан Жоңғар елін!

Өкшең мұзға тірелсе, алдың жарға,
Қаймықпа, аға, қара орман халқың барда
Халық Сізге сүйенсе, Сіз - халыққа,
Бұдан артық жалғанда салтың бар ма?

Жау жағаға жармасып, бөрі етекке,
Айырғанда ел-жұртын берекеттен
Ер шиыршық ататын шырғалаңда
Арпалысқан арыстан әрекетпен:

Тарылғанда тынысың, өрісің де -
Келу қиын бәтуа, келісімге;
Ақыл деген кімде жоқ, ақыл-арзан; -
Дана керек даңғайыр ел ісінде.

Барады озып уақыт Құлагерден
Барады асып көшіңіз құба белден.
Айқара ашты есігін еліңіздің -
Қазақстан ғасыры - мына келген!..

БОЗАУЫЗ АТ

(Шұбыртпалы Ағыбай батырдан қалған сөз)

Аңыз анасы - ақиқат

Ғабит Мүсірепов

Бұл шығарма 1979-80 жылдары жазылды. Қылышынан қан тамған кеңестік цензурадан өткізе алмасымды білген соң аяқтамай тастап едім. Сол кездерде қазақ қауымын өксіткен жалғыз идея - ұлт азаттығын көксеген көңілдің көрінісі. Жиырма жылдан соң, бас-аяғын бүтіндеп, оқырманға ұсынуды жөн көрдім.

А в т о р

Келемін құбылаға бетімді ала -
Сары дала, сайын дала, жетім дала
Сұлық жатыр,
Көмкеріп мөлдір сағым шетін ғана.
даламды тонап кеткен -
Қаскөй дұшпан -
Қарғыстың қаны жапқыр.
Қарайды қарайғанға ел ме екен деп,
Сай-сал ішін тартып, аңырап қыр.
Ей, Елім!
Туған Елім,
Өскен Елім!
Шұбырып ақтабан боп көшкен елім,
Сары далаң қаңырап тұр;



Ел де жоқ,
Дұшпан да жоқ,
Соғыс та жоқ -
Жоңғар мен қалмақ кетіп,
Елімнің ен дәулетін жалмап кетіп,
Сарыарқа тұлдыр жатыр.
Адамның қурап қалған басындай боп
Барады домаланып қаңбақ кетіп...
Болдырды күрең ат та астымдағы,
Өзім де қалжырадым.
Қайтейін қалжырасаң,
Қайта көрме!
Батырым, алжымағын, алжымағын!
Иіскедім жерден уыс топырақ ап,
Сездім де қанның исін -
Қанжыладым.
Сарыарқам, көңіліме арзымадың.
Тия алмай қанды жасым қалжырадым.
Қайтсам ба екен?
(Қой, батыр, алжымағын!)
Ағыбай емес пе едім,
Ерлігім қайда менің.
Ерлікпен қанатымды
Алашқа жайған едім;
Алтайға шалғайдағы
Бара алмай қайта көрме,
Таба алмай қайта көрме
Найман елін!
Атағы асып жеткен
Алтайдан Көкшетауға -
Бозауыз тұлпарды алып
Қайтады ерің!..

Бірінші бір қуанып
Науандай қайран ерім.
Жұлпарым - Бозауыз ат -
Құсқанаттым!
Мен сені ұрламақпын,
Көрсін деп Науан Сұлтан -
Күректі жолбарысым -
Қызығын ұшқан аттың.
Боз ауыз - құсқанаттым,
Мен сені ұрламақпын,
Жалыңнан ұстамақпын,
Көкшеге бастамақпын.
Қара көзден талай түн ұйқы қашып,
Алма беттің қызарған қаны қашып,
Жапанда арып-ашып
Жортып келем,
Бозауыз ат!
Бозауыз ат!..

Түн жүріп таң атқанда
Көзіме тау шалынды -
Көрінді Алтай!
Сиындым жаратқанға;
Осы екен жер көбесі,
О, тоба!
Жер ғой жәннәт,
Аңқидым қарап маңға.
Ағыбай енді армансыз
Алтайды аралайды...
Сәскеде келіп кірдім
Орманға қарағайлы.
Орманға қарағайлы

Сәскеде келіп кірдім
Орманнан адам емес, -
Шалғында кісендеулі
Бір атты жолықтырдым -
Жұлындай қара арғымақ.
Көп тұрдым сол арада
Тұлпарға санам құлап.
Сүйсіндім жануардың
Көлеңдеп тұрғанына.
Қызықтым күміс шапқан
Айшықты тұрманына.
Жетектеп алып шығып,
Шабысын көрер ме еді.
Бозауыз осы екен деп,
Науанға берер ме еді.
Ер Науан ерін салып арғымаққа
Қолына алдаспанын жалаң алып,
Сан қолға кірер ме еді дара барып!
Кетсем ба, кетпесем бе
Жетекке қараны алып?
Қу нәпсі:
- Арғымақтың
Тізгінін білегіңе іл, - деп еді,
Арқаға жүр, - деп еді;
Ар келіп:
- Ілме, - деді.
Ешқайда жүрме, - деді.
Ағыбай қақ жарылды,
Арды да, нәпсіні де қолдамады.
Ләм-мим деп үндемеді.
Сол шақта қарағайдан бір шал шықты,
Сүйретіп қомақтылау бірдеңені.
- Ассалаумағалейкум, қария!
- Уағалейкумәссәләм! Кім боласың?

- Ақсақал, не көрінді, танымайсың қазақтың түмен қолға татитын Ағыбайын.
- Жөн-жөн...
- Сонда ғана көзім шалды - қарияның орманнан сүйреп шыққаны еңгезердей аю екен.
- Балам, аттан түс. (Аюын нұсқап) Мынадан сауға сұрмадың ғой.
- Алда разы болсын, ақсақал. Арық атқа қамшы ауыр. Аю алар, етін салар жерім жоқ. Атымның да халі жоқ.
- Содан болар, қара атқа көз сұғынды қадағаның? Байқаймын, алыс жолдан келе жатқан түрің бар. Ерліктен де кенде болмадың, әліптің артын бағып, күткеніңе қарағанда.
- Ер болсаң атқа қалай аңсар аумас? Ат үшін арып-ашып жол шексең және қалай ер болмассың?
- Ат үшін деймісің? Арып-ашқан сапарыңа татитын бұл өлкеде қай жылқы екен? Бозауыз ат болмаса еді дітінде?
- Ақсақал демей, әулие дейін. Адаспай таптыңыз. Сол үшін шықтым сапарға, мандайға алып Алтайды, артқа тастап Көкшені.
- Кенесарының жаушысы болдың ғой.
- Иә, ақсақал.
- Олай болса айтайын жөн, сілтейін жол, қарағым Ағыбай. Мына тауды қамшылар жағына алып, мына көлді мінер жағында ұстап, мандайыңды ана шыңға беріп тарта бер. Ақшам болмай бір сайға құлайсың. Жалғыз үй бар отырған. Сонан сұра ендігі жол мен жөнді. Тек айтарым - тұмақты жігітпен күреспе. Жолың болсын, балам!



- Әумин!
Жолым анық.
Бетім айқын -
Жақсарғандай халім шын.
Оң жағымда - биік тау,
Сол қапталда - айдын көл,
Қарсы алдымда - қалың шың.
Айналамда - қарағай,
Қайың менен самырсын.
Табанымда - қар жер,
Төбемде - аспан мауыты.
Жарқыл қағады үстімде
Ақ кіреуке сауытым.

Боз ауызды көргенше,
Тізгінін қолға ілгенше,
Сарыарқаға жүргенше,
Өрекиді жүрегім.
Сергек басып келемін,
Серпе аяңдап күреңім.

Енді сені көрейін,
Іліп алып, жөнейін,
Жөнемесем, өлейін,
Бозауыз ат,
Бозауыз ат!..

Бозарған көк түнеріп,
Мұңға батқан секілді.
Ағарған күн қызарып,
Шыңға батқан секілді.
Қараңғылық тұмшалап,

Қатпар-қатпар тауларды
Ұрлап атқан секілді.
Түсті қара екінді
Қас-кірпігін шаң басқан,
Қаранар түн келеді
Маң-маң басқан, маң басқан.
Аз уақытта болды ақшам;
Жер менен көк тұтасып,
Біртін-біртін жалғасқан.
Ызғар жайлап барады
Салқындатып ауаны.
Бір сайға кеп құладым -
Тастақ екен табаны.
Қарш-қарш басып келеді
Сал күреңім тағалы.
Темір таға көк тастың
Үстін басып барады;
Тас пен таға қаржасып
Ұшқындасып қалады.
Батыр-батыр десек те
Дүрсілдейді жүрегім,
Алқынады қос өкпе,
Алғанымша тұлпарым -
Бозауызды жетекке...
... Кешікпей-ақ кезіктім
Жалғыз үйге етекте.

- Уа, сөйлес!

Ешкім жауап қатпады. Үш мәрте сөйлес қылдым. Тым-тырыс. Аттан түсіп, ергенекті түріп, ішке ендім. Тас шамның жарығы үй ішін айқын көрсетті. Оң жақта, жер төсекте теріс қарап

шағын денелі біреу жатыр. Әйел болар, жамылған шапанының қаптырмасы жарк-жүрк. Төр алдында - басына қауқиған тұмақ киген, енгезердей бір жігіт... кесте тігіп отыр. Қарқылдап ала жөнелуге шақ қалдым. Ол маған бас көтеріп қарамады да, - көз қиығын серпе тастап бір өтті де, кестесімен бола берді.

- Ассалаумағалейкум!..

Сәлемімді де ешкім керек қылмады. Сәлден соң жатқан адам басын көтерді. Қартаңдау әйел екен. Мына жігіттің шешесі болар.

- Төрге оз, балам.

Дулығам мен қамшымды адалбақанға іліп, кісемнің бауын бостау байлап, наркескенімді жүкаяққа сүйеп, төрге барып отырдым. Тұмақты жігіт төмен ысырылды. Ісін үзбеді.

- Қай баласың? Өшшердікімісің?

- Жоқ, шеше. Алыс елдің баласымын.

Шалғайдан келем шалдығып...

- Құдайы қонақ болдың ғой. (Жігітке).

Түр, мал сой.

- Не соям? Ұсақ мал таудан ертең түседі.

Енгезердей жігіттің дауысы жіңішке екен.

Шолпыдай сыңғыр етті.

- Торы биенің тайын сой.

Әйел маған сырлы керсеннен бір тостаған қымыз құйып берді. Қотарып ап, жігітке қолқабыс қылайын деп сыртқа шықтым. Жігіт күреңімнің ер-тұрманын алып, ашаға қаңтарып қойыпты. Тайды жығып, бауыздап та болыпты. Жалғыз жігіттің бір жылқыны лезде жыққанына танданбасқа болмады.

- Көмектесейін...

Жігіттің сапысына қол создым.

- Аулақ тұр!

Ол мені иығымен қағып қалды. Әрине, оқыс ұрды-кескен теректей жалп еттім. Жүрек тулап ауызға тығылды, қан шапшып басқа тепті. Ызадан талағым тарс айырылды.

- Тамтырап тұрғанда қапыда ұрғанды қайдан үйрендің, бала?! Алыспағың бар ма өзі?

- Кел, кел!

Сапысын тайдың қоңына кірш қадап, бері басты. Белдесе кеттік... Мақсара! Алып ұрды! Масқара!.. Қыз! Жігіт деп тұрғаным - қыз. Әне, басынан ұшып түскен тұмағын алды, құлап түскен бұрымын түйіп жатыр төбесіне.

Тұңғыш рет жеңілдім,
Тұңғыш рет жерге тиді
Қос қақпақтай жауырын.
Тентіреп кеп таптым-ау
Қорлықтың ең ауырын!
Шарт сынатын шарболат ем ежелден -
Оның арты қашан да
Жақсылыққа беттемейді -
Сезем мен.
Алыс әрі ауылым.
Жазым болсам,
Басым сүйер
Жоқ Алтайда жанашырым, бауырым;
Жер болдым-ау, жер болдым!
Бір өректіп, бір басылам;
Тұңғыш рет жеңілдім -
Масқар-ай -



Ұрғашыдан!..
Енді не етем,
Енді не етем?!
Неге Алтайға келдім екен,
Бұл жорыққа жүрдім екен,
Сұлтанға серт бердім екен?
Елге қарай жөнейін бе,
Қорлыққа әлде көнейін бе,
Жолыңа әлде басты байлап
Құрбаның боп өлейін бе,
Бозауыз ат,
Бозауыз ат!..

Әл-хал дегенде саябырлап басылдым да, қыз шешесімен тілге келдім. Жайға түгел қанықтым. Бұл кісі Бошан байдың бәбішесі екен. Жалғыз құрсақ көтеріпті; ол әлгі қыз, есімі Айпара - әкесінің атастырған адамына шықпапты, дегеніне көнбепті, сөзіне ырық бермепті. “Өзімнен күші асқан жігітке ғана шығам, нәуетекке қатын болар көп төмен етектінің бірі емен”, - деп серт таққан. Наразы әке шешесі мен екеуін сай табанында жалғыз үй қалдырған, - алайда талақ тастамаған. Қызынан күші басым боп, алапасы асып туар бір жігіттен Бошан бай де үміткер,

Ақтабан боп шұбырып қалжыраған, қарындастан айрылып қан жылаған, керегесі кертіліп, іргесі түрілген ел енді-енді еңсе көтеріп келеді; талайдан бері Алтайдың елі де, жері де көрмеген той болады екен ертең. Ат аяғы жетер жердегі дүйім алаш жиылмақ. Той болған соң, бәйге болар. Бәйге болған соң, жүлдесін шаппай алар Бозауыз ат та келер... Ендігі істі бара көрейік.

Еділден арғы қалмақтан,
Ертістен арғы жоңғардан
Жөңкіліп келген қолдардан
Ұшырап қалың қырғынға,
Кетердей болған құрдымға;
Амалсыз басы біріккен,
Құрымас күнге іліккен
Қайратын жиып беркініп -
Болаттан берік жауының
Ұйығанын іріткен,
Ертістен арғы жоңғарын,
Еділден арғы қалмағын
Ініне қуып жайратып,
Жеңіске жеткен алаштың
Көптенгі көрген тойы екен
Жалғанған шақта үзігі,
Алғашқы көрген қызығы.
Ұлан да асыр мына той -
Қоңырат пен қыпшаққа,
Керей менен Уаққа,
Уйсін, Дулат, Албанға,
Арғын менен Найманға
Қанатын түгел жайғанда,
Әуелеп ұшқан ән мен күй
Жаңғыртып төбе-сайларды,
Алтайдың басы айналды.
Құйрықта жалы сүзіліп
Бәйгеге аттар айдалды.
Айдалып аттар кеткен соң
Балуандар топта сайланды.
Айпара барып отырды -
Ортаға кілем жайған-ды.

Бас балуан осы деп
Жаршылар түгел сайраулы.
Сайраған сайын жаршылар
Зығырданым қайнаулы,
Отыз тісім қайраулы!
Шықпасам ба, шықсам ба? -
Таба алмадым байламды.
Сайлана шығып жықпасам -
Бағым анық байланды,
Бармағым кетер шайнаулы.
Қысылғаннан Ағыбай
Бір Алланы ойға алды:
- Басыма туды қиын күн,
Жаратқан, саған сиындым!
Әзіре Әлі қайраты
Бойыма менің құйылғын.
Жалғыздың жары бір Алла -
Абырой бүгін бұйырғын! -

Дедім де қадам бастым топқа қарай,
Дем беріп періштелер жақтағаны-ай.
Келдім де Айпараны алып ұрдым -
Ризамын құдыретіңе, хақ-тағала-ай!

Ел - Айпараның елі ғой, күйініп күпілдескені
де, сүйініп “бағы қайтты, шүкір” дескені де бар;
әйтеуір гуілдеп кетті. Айпараның сөзі байлау
болды: “Өзімнен күші асқанға тием деген сертім
бар еді, сен жолаушыға алсаң да тием, алмасаң да
тием”, - деді. Менде шегінер жер жоқ еді.
Түйетоғыз бастатқан бар бәйгемді (қыз түгілі

ердің құнына татыр дүние) Бошан байға қарғы
бау есепті тарттым.

Кешегі жалғыз атты жолаушы - бір
белдескенде үйлі-баранды боп шыға келдім.
Тәуба, жасаған, тәуба!

Алғашқы түннің алғашқы айқасы сәл
саябырлап, ендік басылған шақта Айпараға бар
сырымды баян қылдым.

- Ағыбай, - деді сонда жарым маған, -
Жаратқан несібеде жаңылмаған.
Біздерге бұйырғаны осы болса -
Алғашқы, соңғы ерімсің қабылдаған.
Білемін енді Алтайда қалмасыңды
Бір маған басыбайлы болмасыңды.
Көкшеге тез жеткенің мақұл болар
Күттірмей Ер Науандай жолдасыңды.
Жеткендей болып едім арманыма,
Тағдырдың көнеміз де салғанына.
Өтермін шүкір етіп, ердің ерін
Бірер түн құшағыма алғаныма,
Жоқ саған ере кетпек талабым да,
Білесің қарт анам бар қарауымда.
Қалдырып ол бейбақты кете алмаймын
Қаптаған көп тоқалдың талауына
Аз күнгі қызығымды көп көрермін,
Жұбанып соған ғұмыр өткерермін
Бойымда қалған сенің нәсіліңді
Иншала, өзіңдей ғып жеткерермін...

Айпара осылайша жан сарайын ақтарып келіп
көз жасына ерік берді. “Жыламай қайтем, сен
менің затым әйел екенін білдірдің. Енді қалға

тірлікте ерге шығуым халал болмас. Сен де табылмас та. Аяғыңа тұсау да болмайын. Хан мен Наурызбай, қала берді қалың ел саған мәде гөрі мұқтаж. Тілектеріңе жетіндер!” - деп Бұдан соң Бозауыз ат жайын кеңестік. Ай айтты:

- Кешегі той әлі тарқаған жоқ. Бозауыз тойлы ауылда. Ат иесі ер талабы бар сері жау ауылының жастары Бозауыз аттың жанын алтыбақан құрып, айнала от жағып, түні бо күзетіседі. Әйтсе де амалы табылар. Ертең с ауылдың жастарына екеумізді алтыбақан шақыратын қылайын. Бара көрерміз істің орайы. Ертеңіне кеште бәрі де дәл Айпараны айтқанындай болды. Айнала самсаған ошырқалған ән, қаптаған қыз-бозбала, Бозауыз а көп көздің назарында.

Таңға жақын Айпара орайын тауып мен оңашалады.

- Қазір мен ән бастаймын. Ел менің әніме айналған сәтте Бозауызға мін де, жөнел. Қайтып көрісеріміз екі талай... - деп, сәл босап, мүдіре берді.

- Жұбайлық тілеулестігіңнен жолдастық қамқорлығың асып түсті-ау. Ердің әйел алдында көп парызы болушы еді, бірін де өтей алмай барам. Әле-өлгенше ризамын. Қош, Айпара!

- Бақұл бол! - деп, Айпара лезде бойын тіктеп алды да, топ ортасына беттеді. Бір жігіттен алдындағы домбырасын алды да, тез күйге кірісіп, ән бастады.

О, дүние жалған! Көмей біткенде мұндай әнші өрsemші. Таңғы аспандай ашық та таза, мөлдір

үні алпыс екі тамырымды идіріп, бар денемді баурап алды. Елтіп қалсам керек. Сөзін де Айпара осы шақтағы өз халіне лайықтап, жанынан шығарып, жанымен салып тұр. Арманды асық күйін айтады. Енді аңғардым, Айпара екінші әлде үшінші қайырмаға келгенде “жөнел, батыр”, - деген сөзді әнге қосып, маған жалт етіп бір қарады. Мен лезде есімді жидым.

Бозауыз ат тұсаулы емес еді. Мама ағашқа байлаулы тізгінін шешіп алар мұрша жоқ, қанжармен қиып жіберіп, жайдақ атқа қарғып міндім. Сол кезде етегіме қақпандай екі қол жабыса түсті, аттандаған әйел дауысы қоса шықты. Ат иесінің әйелі, түн бойына ат маңынан ұзамай жүр еді. Айпара әнін үзбесе де, ел назары маған ауып, жігіт-желең аз уақытта ес жиысып, маған қарай ұмтылысты. Енді болмаса аттандап ойбайын салған келіншек мені аттан аударып алардай. Шылбыр кескен қанжарымды әлі қынға салмап ем, сол абырой болды, шапанның етегін әйел ұстаған жерден шорт кестім. Бозауыз ат ойнақтап жөнеле берді, қаптай ұмтылған елден үрікті ме, ытырына тартты. Мен де тақымды қағып қалдым. Төніректе Бозауыздан басқа ат жоқ еді, ел соңымнан улап-шулап жаяу жүгірді.

Ұзап алған соң Бозауызды шылбырдың ұшымен ауыздықтап, тізгін тарттым. От басында ұлтыбақан ағашына сүйеніп. Айпара жалғыз тұр кен. Әлі де әнін үзбегендей көрінді...

Ағаш арасындағы алдын ала жабдық амдаған жеріме келіп, Бозауыз атты ерттедім де,

бес карауымды асынып, жол азығын бөкелерім
Сарыарқаны бетке алдым.

Сарыарқам қолын жайып қарсы алмағанда,
Артымда алтындай тау Алтай қалды,
Еске алсам ет-жүрегім езіледі -
Аймаңдай Айпарадай қалқам қалды,
- деп Шұбыртпаны Ағыбай батыр қартайып
шағында қарлыққан дауысымен әңгіте сала берді.
Ед естіметен ескі ән, "Айпараның әні" - депші.
"Алтайдан шыққан Бозауыз тұлпар Сарыарқада
Наурызбайдай ерді алып сан майдаға кіріп еді,
сүйегі Алатауда қалды", - деп қарт батыр әңгімесін
тұжыратын.

Бұл күнде Бозауыз атқа мінген Наурызбайдай
ердерді шексіз сағынамыз. Келер ме екен?!

айнапайын, азатым!

(либретто)

Тәуелсіздіктің 10 жылдығына тарту

ПРОЛОГ

Күй "Бозайғыр" Ақтар мен Қызылдар биі. Қызылдар - империялық өктемдік таныса, ақтар азаттық аңсаған халықтардың терік - жігерін білдіреді. Ақ пен қызыл арталысқан үлкен хореографиялық көрініс.

БІРІНШІ БӨЛЕМ

1 көрініс

Бөкен үйінің жаһазды көң салды. Кіші күткен, тойға қамданған зор қарбалас. Қолында қалың қызыл папкасы бар. Бөкен кіреді. Папкасын аласа жүргені столына қойып, сүйсіне ұзақ қарап тұрады.

Б ә к е н :

Атқаным зая кетпедің,
Терімді текке төкпедім,
Өгейлік маған көрсетіп
Өзекке, өмір, теппедің.

Аларымдағы көп менің,
Берерімдағы көп менің.
Жетімек едім - жетілдім,
Жауқазын едім - көктедім.

Бүгінше мен кандидат,
Бүрсігүні доктормын.
Проректор бүгінше,
Біредер жылда ректормын.

Жоқтатпай ата-ананы
Кірпішің етіп қаладың,
Лениндік дана партиям,
Советтік асқақ заманым.

Бәкен ариясының соңына таман Ажар кіреді.
Той қамы, шаруа жайымен жүргені аңғарылады.
Қолында ыдыс-аяқ, сүлгі.

А ж а р :

Біздің үйдің данышпаны, ғалымы,
Көңілдісің - ажарыңнан таныдым.
Жазғаныңды менен артық күтесің -
Сылап-сипап әр сөйлемін, әрібін.

Б ә к е н : (папканы нұсқап)
Жатыр мұнда небір асыл ойларым,
Ақтарылған ақылымның қаймағы.
Мен өзімді арнағамын ғылымға,
Саған сеніп шаруа қамын, той қамын.
Ажар:
Өміріңді ғылым үшін арнасаң,
Маған сын ғой, саған тіреу болмасам.
Берем саған ел көрмеген той жасап,
Докторлықты аман-есен қорғасаң.

Б ә к е н :
Қорғағанда шабуылдап қорғаймыз,
Ғылым үшін қажымаймыз, талмаймыз.
Сүйген жарым сенім артып тұрғанда
Қалай ғана академик болмаймыз.

Бәкен күліп Ажарды құшақтайды. От
басының жарасымды, шырықты шағы.
Есік қоңырауы шырылдайды. Ажар барып
ашады. Мамай мен Нұртай кіреді. Қолдарында
тойға тартуы, сәлем-сауқат - үлкен шабадан,
сөмкелер.

Бәрі жамырасып амандасады.

Б ә к е н : (Мамайды құшақтап)
Ел аман ба, ағатай, сағынамын, -
Ақдаламда қыс қатты, қары қалың.
(Нұртайды құшақтап)
Тумасақ та туғандай болып едік, -
Жаңалықтың ақтаршы бәрі-бәрін.

М а м а й :
Ей, шырағым, орнында ауыл-елің,
Құрметіне бір барсаң жарыр едің.
Өзіңді бір көрсек деп сағынып жүр
Ата-анаңды көзкөрген кәрілерің.



Н ұ р т а й :

Асқаның ба, білмеймін, тасқаның ба,
Көп жыл болды елге аяқ баспадың да.
Сағынысып сұрайды менен дәйім,
Бала күннен бірге өскен достарың да.

Б ә к е н :

Ақдаламның айдын көл, көк белдері
Сағындырып жүр мені көптен бері.
Доктор болып барамын келер жазда,
Кандидат па демесін жеткен жері.

М а м а й :

Қабылдығы ел берген баталардың -
Шекпен да алдың, шен де алдың, атақ алдың
Докторыңды ел қайтсін, лекторыңды, -
Құран оқыт басына ата-анаңның.
Жақсы атаның ұлы деп әлі күнге,
Отырады ел танып қалыбыңды.
Азаматтар алашқа аты шыққан,
Атажұрттан үзбеңдер тамырыңды.
*(Нұртай мен Бәкеннің иығына қол салып, екеуінің
де қаусыра құшақтайды).*

Нұртай, Бәкен - жетім ең екеуің де,
Екі жетім жүрдіңдер жетегімде.
Атанжілік азамат болғандарың -
Талай жылғы бейнеттің өтеуі де.
Тәубе қылам Алланың бергеніне,
Бәйтерек боп қос шыбық өнгеніне.
Алматыға кеп тұрмын той көруге
Жетпіс жеті жасымда мен де міне.

Бәкен: Нұртай: (дуэт)
Ата-анадан айырылғанда,
Қанатымыз қайырылғанда,
Жетім көздің жасын сүртіп,
Жеткіздің ғой той-думанға.

Көк қауырсын балапанды.
Аяладың алақанда
Етегіңе салып жүріп,
Енгіздің ғой ақ отауға.

Танып өстік әлібіңді,
Алып өстік тәліміңді.
Бой түзейміз, ой түзейміз,
Саған қарап әлі күнге.

Кенет телефон шырылдайды. Бәкен көтереді. Үнсіз тыңдап тұрады. Түсі сұрлана береді. Телефон трубкасын орнына қоя салып, бұрышта тұрған телевизорға жүгіреді, дауысын шығарады. Экран көрерменге көрінбейді, тек диктор дауысы естіледі: "...Геннадий Васильевич Колбин сайланды..."

Бәрі үнсіз тұрып қалады. Үрей сарыны ескен алақұйын музыка.

2-көрініс.

Студенттер жатақханасы. Сахна төрінде самаладай жарқыраған бөлмелер, ондағы студенттер тірлігі - сессия алдындағы қарбалас көрінеді. Вестюбиль сахнаның алдына қарай жылжытылған. Вестюбиль төрінен екінші кабатқа

іаспалдақ көтеріледі. Төменде шам қара көлеңкеге қақын. Пальмалар мен гүлдердің арасындағы екі треслода Арыстан мен Ақмарал отыр.

А қ м а р а л : (Сағатына қарап). Поездың желгеніне де біраз болыпты...

А р ы с т а н : Біреу келуші ме еді?

А қ м а р а л : Сен... естімеп пе ең? Мамай ата мен сенің... папаң... Ендігі біздің үйде отырған шығар. Папам тойға шақырған.

А р ы с т а н . Иә, бүрсүгүні қорғайды екен ғой. Бүрсүгүні, 18 желтоқсан күні сен ғылым докторының қызы боп шыға келесің. Мен сол кылқышының баласы күйімде қала берем...

А қ м а р а л . Арыстан, тағы бастадың ба?

А р ы с т а н : Жылқышың ұлы мен проректордың қызы - қалай қабыстырсаң да үйлеспейді екен. Біздікі бос әурешілік пе деймін.

А қ м а р а л : Бекер күдіктенесің, Әкелеріміз бала күннен бірге өскен достар. Екеуі де Мамай атамның тәрбиесін алған. Араларында алалық жоқ. Оның үстіне, папам сені жақсы көреді ғой. “Толковый бала”, - деп мақтап отырады.

А р ы с т а н . Бір кездегі досының ұлы ретінде, әрине, жек көре қоймас. Ал, күйеу бала ретінде қалай қабылдайтынын.

А қ м а р а л : Қаупінің түрін қара. Сенің де атың Арыстан-ау. Ақмаралдан қорқасың.

А р ы с т а н : Ақмаралдан емес, әкесінен.

А қ м а р а л . Ақмаралдың әкесі қолтырауын деп пе ең, - ол да киік.

Екеуі тауып айтылған әзілге балаша мәз боп күліседі.

А р ы с т а н :

Көріктім-ау, киелім-ау, тектім-ау,
Саған деген көңілімде жоқ қылау.
Жанарыңның жарқылымен жалт еткен,
Жүрегімді оттай қарып өттің-ау.

Айналайын, Ақмаралым, жан еркем,
Жаның мөлдір шыққан күндей таңертең.
Аспан асты, қара жердің үстінде
Кім бар екен Маралыма келер тең.

А қ м а р а л :

Әні бұлбұл, сөзі дүлдүл, тілі бал -
Жүрегімнің Арыстандай гүлі бар.
Саған деген мөлдіреген сырымды,
Ақылдым-ау, сенен басқа кім ұғар.

А р ы с т а н , А қ м а р а л : (дуэт)

Сенің нұрлы жамалыңды көргенде
Баладай боп бозарамын мен демде.
Сені ғана сүю үшін жаралған
Ессіз жүрек салады асыр кеудемде.

Елтем сені құшағыма алғандай.
Есім жисам - алыстайсың армандай.
Ессіз-түссіз неге өтпеймін өмірден
Сенен басқа тіршілікке алданбай...

Төменде жарық сөніп, екінші қабаттың эстюбилінде телевизор көріп отырған студенттер өрінеді. Диктор дауысы:

“...Геннадий Васильевич Колбин сайланды...”
Диктор дауысын музыка басады. Қара құлақшын, қара пальто, қара қолғап киген үш-төрт бөгде адам көрінеді. Бөлмелерге бас сұғып, қайта шығады. Бөгде адамдар бас сұққан бөлмелерден үш-төрттен студенттер шыға бастайды. Барлығы баспадақ арқылы төмен түсіп сахнаны үлкен топ толтырады. “Алға! Алға!” - ұрандар естіледі. Алда Арыстан мен Ақмарал. Студенттер плакаттар мен транспоранттар көтереді. “Лениндік ұлт саясаты жасасын!” “Әр халыққа өзін-өзі басқару мүмкіндігі!” “Тоталитаризмге жол жоқ!” Осы көріністер бойына “Ақтамберді толғауы” естіліп тұрады. Шамдары самсаған жатақхана орнына енді шамдары самсаған Орталық комитет үйі көрінеді.

С т у д е н т т е р х о р ы :

Көрсетуде озбыр ел өктемдігін,
Өктемдігі шықты ғой шектен бүгін.
Құрысыншы тарихтың құрдымына
Отар болып жетпіс жыл өткен күнім.

Аға халық болмайды, іні халық,
Ақиқатқа көз жетті бүгін анық.
Теңдік сұрап кеп тұрмыз халқымызға
Қолымызға елдіктің туын алып.

Ел ұстайтын ер жоқ па елімізде,
Құлдық сана сіңіп пе тегімізге.
Жарты әлемді жайлаған жайсаң елміз,
Кім-көрінген шықпасын төрімізге.

Естігенде даламның жан дауысын,
Бұлқынады балаңның арда күші.
Қасық қаным қалғанша қорлатпаймын,
Қазақ деген халықтың ар-намысын.

Хор аяқталысымен жастарды сапер күрегімен
аруланған, ит жетектеген әскерлер қоршайды.
Музыка үзілмейді. Рациядан бұйрықтар естіліп
тұрады:

“Операция “Метель”. Готовность ноль-один”.
Тағы да “Ақтамберді толғауы естіледі. Солдаттар
студенттерді тықсыра бастайды. Біреуі
Ақмаралдың бұрымына қол салады. Арыстан ара
түсіп, солдатты ұрып жығады. Үлкен майдан
басталады.

3 Көрініс.

Бөкен үйінің алғашқы көріністегі кең
бөлмесі. Мамай, Бөкен, Ажар, Нұртай. Қолы мен
мойны танулы Ақмарал креслода отыр.

Б ө к е н (*қолындағы шолып отырған газетінен
бас көтеріп*) Масқара!.. Позор!.. Проректордың
қызы маскүнем, нашақорларға еріп алаңға
шыққан...

А ж а р . Жала бәрі! Барса Арыстанмен барды.

Б ө к е н : Арашалағаның - ақталғаның ғой.

Ғызға дұрыс тәрбие беру - ананың міндеті. Ақмаралды-нұсқап) Тәрбиенің нәтижесі - міне. Тозор!..

Н ұ р т а й : Жараланса да Ақмарал үйде ғой. Арыстанды айтсайшы.

Мамай: Иә, тар есік, тар босаға - түрмеге гүсу жас адамның жүрегін шайлықтырады. (Бәкенге) Шығарып алудың жайын қарастыр одан да...

Н ұ р т а й : Мінездемесін дұрыстап бергіз.

Б ә к е н : Ха-ха-ха!.. Айтады екенсіңдер! Сендер ауылдан неменеге келдіңдер? Декабристерді арашалауға ма, әлде менің тойыма ма? Қайда сол той?! Бүгін мен қорғауым керек еді ғой. (Нұртайға,) сенің Арыстаныңның қырсығынан қорғай алмай қалғам жоқ па? Енді мен оған мінездеме беруім керек. Берем! Қатырып тұрып берем! (Қолындағы газетін нұсқап). Маскүнем! Нашақор! Басқа мінездеме жоқ. Қоғамдық пікір осылай қалыптасқан, мен бұза алмаймын.

Н ұ р т а й . Алаңға шыққанның бәрі маскүнемдер мен нашақорлар ма екен?

Б ә к е н : “Каз. правда”. Орталық комитеттің органы солай жазып отыр.

Н ұ р т а й . Сонда сенің институтыңда тек маскүнемдер мен нашақорлар оқиды екен ғой.

Б ә к е н . Жастарға үкімді сот қана айтпайды, - бүтін ел айтуда. Республика бойынша барлық бастауыш партия ұйымдарында жиналыстар өткізіліп, жастар ісіне теріс баға беруде. Қалада да, ауылда да.

Н ұ р т а й : Әр ауылдағы ат төбеліндей коммунистерің - тұтас елдің сөзін айта алмас. Ел сөзі, тарих сөзі кейін айтылады.

Бәкен : Декабристің әкесі, қалай-қалай сөйлейсің? “Халық пен партия - біртұтас.” Бұл мәңгілік принцип. Коммунистік қоғамда өмір сүріп отырып, осыны да түсінбейсің. Балаңа дұрыс тәрбие бере алмай, енді менің институтымды былғамақпысың?

Нұртай : (Журнал столында жатқан Бәкеннің диссертациясын ұрғылап). “Комсомолға партия жетекшілігінің кейбір мәселелері.” Сенің диссертацияң. Менің балам нашақор болса комсомолға неге аласыңдар. Үш жыл бойы институтыңда неге оқытасың?

Бәкен : Енді сенің балаң комсомол да емес, студент те емес. Тюремщик.

Нұртай : Жер тәңірі сен емес! Соңғы сөзді сот айтады.

Бәкен . Айтты, кесті деп есепте!

Мамай : Бір тамырдан нәр алған, бір бұтаққа өніп шыққан жемістің де дәмі кейде екі алуан болады. Екеуіңді бір-біріңнен алаламай, бірдей тәрбиелеп едім. Нәтижесі екі түрлі болғанын бүгін көріп тұрмын. (Бәкенге). Арыстан Нұртайдың баласы болса, сенің де балаң болмайтын не жөні бар? Тым болмаса қапастағы халіне аяушылық айтып қайыспадың да-ау.

Ақмарал . Папа! Папочка! “Әкешешемнен алмағанды Мамай атадан алдым”, - деуші ең ғой. Енді бір тілегін бере алмайсың ба? Арыстанның мінездемесіне көмектес. Институттан ходатайство бергіз. Атам үшін бермесен, жалғыз қызың - мен үшін бергіз.

Ажар : Сотта да таныстарың бар, көмектес. Жігітін соттатып, жалғыз қызыңды жылатпақшымысың?



Б ә к е н: Жігітін!!! (Бұл жаңалыққа Мамай мен Нұртай да таңырқайды.)
Ұзақ пауза.

Нашақорға қызымды беріп, жалқышымен құда болуым қалып па?

А қ м а р а л : Арыстан нашақор емес! Оны өзің де білесің.

Б ә к е н : Мейлі! Мен теріс батамды берем.

М а м а й : Сен де менің батаммен жетілгесің.

Сен бермесен мен берем ақ батамды. Бақтары ашылсын! Білімің болса қайтейін, білігің жоқ екен. Жылқышы деп қорлайтын Нұртайымның сенен бағы кем емес. Астамсыма!

Б ә к е н : (Нұртайға). Кешір!.. Аузымнан қапыда шығып кетті. Кешір!

Н ұ р т а й : Үмітімді жалғаған -

Арыстаным - жан балам.

Қайыр кетті пендеден,

Жәрдем күтем Алладан.

Дәмін татып түрменің,

Түнек болды-ау күндерің.

Ет-жүрегім езілді,

Қалды менің сүлдерім.

Бағыланым арда емген,

Сескенуді ар көрген.

Арманы не әкеңнің

Аман шықсаң тар жерден.

Шам сөнеді.



Бозбала шақтан бір белгі.



Ауылда, ата-ананың ортасында.



Әкемнің Алматыға
соңғы сапары.
Солдан оңға қарай:
әкем —
Мұхамед-Хафиз
Асқарұлы,
апайым — белгілі ақын
Әмина Асқарқызы
Шалабаева,
апайым Алтын
және мен.

Отбасыммен.





Солдан оңға қарай (отырғандар): жездем, белгілі мемлекет қайраткері Әбдірашит Назарбайұлы Шалабаев, әкем, жиен апам Айман Сабырқызы.

Түрегеп тұрғандар: апаларым — Күлтай Шериязданқызы, Алма Мұхамед-Хафизқызы.



Көкен Шәкеев және ардақты ана Айнагүл Кәдіркейқызымен Көкшетауда.



Әлібек Дінішевпен бірге Сағымбай Медеубаевтың дастарханында. Приозерск қаласы, 1995 жыл.



Бибігүл Төлегенова және Рымбала Омарбековамен бірге.



Әселханмен айтыс үстінде.



Оңнан солға қарай:
Мұхтар Мағауин,
Сәкен Сері,
Ерік Асқаров.
Шортанбай
қабірі басында.



Мұхтар Мағауинмен бірге.



**Шет ауданының Құрметті азаматтары (оңнан солға қарай):
Сөкен Сері, Ермек Серкебаев, Ерік Асқаров, Марат Шайхин.**



Жаңа өн туған сөт.



Сәкен Серімен оқырмандар жүздесуі.



Солдан оңға қарай (отырғандар): Олжас Сүлейменов, Абайды көрген, тұңғыш президентімізге бата берген абыз ақын Шәкір Әбенев, Сәкен Сері, Қалихан Ысқақов. *Түреген тұрғандар:* Төлеген Жанғалиев, Несіпбек Айтөв, Шәкірдің қызы, Тұрсын Жұртбаев, Ерік Асқаров.



Арқалық вокзалындағы қауышу.
Солдан оңға қарай: суретші Ыдырыс Қарсақбаев, ел азаматы Бақытқали, Арқалық музейдің директоры Жұмағали Өмірбеков, өнші Серік Оспанов және Ерік Асқаров.

4 Көрініс.

С о т з а л ы : Милиция қоршауында
өрімдей жастар. Алда Арыстан -
айыпталушылардың басы:

С о т : Сөз айыптаушыға беріледі.

П р о к у р о р .

Күркіреген күндейміз,
Жауласқанды жүндейміз.

Ұлы халық ең алып -
Жеңілуді білмейміз.

Ай да өзі, күн де өзі,
Тас қамалдай түрмесі,

Совет елі-мәңгілік
Сөгілмейді іргесі.

Жарқыратып түніңді,
Біз шығардық күніңді.
Киіндірдік, тойдырдық -
Жыртып бердік тыңыңды.

Жетілдірдік, өсірдік,
Тойынған соң есірдің.

Жер кіндігі Мәскеуге
Қарсы келген не сұмдық.
Қала қылдық - ауыл ең,
Жарғақ кидің, - жауыр ең.

Ұлтшылдығын қазақтың
Шегендедік қаулымен.

Қазақ елі батырсып
Қайда бара жатырсың?
Арыстаның иттей боп
Атылсын тек, атылсын!

Милицционерлер және сахна сыртындағы ерлер хоры: “Атылсын! Атылсын!” - деп іліп әкетеді.

С о т : Сөз қорғаушыға беріледі.

А д в о к а т :

Басбұзарды ел бұзған
Мен ақтамақ емеспін.
Совет заңы - әділ заң
Бұза алмайды оны ешкім.
Жас-желеңнің қисығын
Тезге салып бұраймыз.
Ескеріліп жастығы
Атылмауын сұраймыз.

С о т : Айыпталушының соңғы сөзін тыңдайық.

А р ы с т а н : Қаймана қазақ қамы үшін
Қарусыз шықтық алаңға
Алыстан әскер алдырып,
Қырып салды-ау табанда.
Сөйлесем даусым жетпейтін
Кез болдық мынау заманға
Шовинизм еді ғой
Басты себеп жанжалға
Екі жүзің қырылып,
Екі жүзің ұрылып,
Екі жүзің сотталып,
Жоқтаусыз кетіп барасың.
Қатарым жусап қалғанда
Қыршынымнан қиылып.
Солармен бірге өлсемші-ай!

Артта қалған ата-анам
Арулап қолдан көмсеңші-ай!
Қорлай беріп қайтадан
Титыққа орыс жетпесін.
Туған елдің намысы
Бөтен қолда кетпесін.
Салт-санадан айырылып,
Арақтан ұрпақ азбасын.
Ел көркейтер азамат
Қызғаныштан тозбасын.
Абай туған жерінде
Бомбасын атом жармасын.
Құлыптасты қиратып
Өлігіңді қазбасын.
Өз ұлтыңның басшысын
Орнынан сүйреп алмасын.
Үміт еткен Мәскеуден
Қарадай көңілің қалмасын.
Барлық ұлтпен тең болып,
Ешкімнен кейін қалмасын.
Ендігі жерде басыңнан
Бірлік пен бақ таймасын.
Күнәден таза басым бар,
Жиырма бірде жасым бар,
Қасқалдақтай қаным бар,
Бозторғайдай жаным бар, -
Алам десең, алыңдар.
Арыстандай атым бар,
Қазақ деген затым бар.
“Еркек тоқты - құрбандық,”
Атам десең, атыңдар!

Сот залы гу етіп, тана қалады. Ақ сақалы омырауын жапқан Мамай қарт алға шығады. Ел назары соған ауады. Сот та мүдіреді.

Мамай: О, зар заман, зар заман!..

Шүріппесі қайырулы қанды ауыз
Ұңғысынан омырылып
Үн қатпады тырс етіп,
Оқ атпады дүрс етіп.
Төрт аяғы өреде,
Ат жетпейді мәреге -
Зар заманның бәйгесі.
Қара арғымақ қатырған,
Қара лашын ұшырған
Наркескендей нар жігіт
Тобанаяқ томырылып -
Зар заманның келбеті.
Жерге симай дабысы
Бұлттан асып, күнді алған,
Аламанға ерткен арысы
Балқан асып, ұрымды алған,
Бұланайдың бұланын
Қақтап жеген ас қылып,
Алтынжал аттың үстінде
Алтын қас ерді тақ қылып -
Әлемді алған хан Еділ.
Еділ ханның ұрпағы,
Халың Ғұнның жұрнағы,
Кім едің сен, кім болдың?!
Сақтардың Қайқы қылышының қаһары

Қаптаған қара қытайға
Қамал-қорған салдырған,
Желігіп келген жау басын,
Шаң қаптырып Сарыарқада қалдырған,
Сойы ерлердің соңы бұлай болар ма?
О, зар заман, зар заман!
Бөгенбай мен Қабанбай
Атажауын Ақшәуліден асырған,
Құба қалмақты Наурызбай
Қарасайлап қашырған,
Әрбіреуі түмен қолға татитын
Кескекті менің ерлерім
Алтайдан тартқан жебесін
Еділ-Жайықтан асырған.
Шүршітпен шіреніп сөйлескен,
Орысқа осқырып қараған,
Қазақпен жүз жыл алысқан,
Айы оңынан туғанда
Азуын айға білеген арыстан -
Жоңғар елінің жұртында
Ит те ұлып қалған жоқ.
Есім салған ескі жол,
Қасым салған қасқа жол
Абылай аспас сарыбелге тірелгенде,
Ел иесінен, ер киесінен айырылғанда
Дүр сілкініп атқа мініп,
Жалаң найзамен жасанған
қолға кіріп,
Орыспен он жыл ойрандасып
Өзі өлсе де арманы өлмеген есіл ер -
Кенесарының ұшқыны

Қоламтада қалар ма?
Айдын көлдің орны мен
Айбынды ердің көне жұрт
Бір жаңғырып жасарар.
Ер - шейіт, ерлік өлмес!
Құрулы мылтық,
Қазулы аранға
Жалаңтөс ұмтылған жастарым,
Көріктей кеудең төсенген мұзды еріткен,
Зұлымдықтың тас жүрегін шайдырып,
Қайсарлығы жер-жиһанды елткен
Жастығын ала жатпаққа
Ту көтерген қыршын, боздақтарым,
Ризамын сендерге!
Намысын тасқа жанып
Ары тудай желбіреген
“Елім!” - дегенде ет-жүрегі елжіреген
Жанкешті жастарың барда,
Ертеңің еңселі, Елім!

С о т : Алматы қаласы Совет аудандық сотының үкімімен Арыстан Нұртаев 20 жылға бас бостандығынан айырылсын!

Шам сөнеді.

5 көрініс

Арада үш жыл өтті.

Түрме. Кездесу бөлмесі. Арыстан мен Ақмарал. Стол үстінде Ақмаралдың арнайы әкелген дәмі - мұрты бұзылмаған. Екеуі қызу айтыс, талас үстінде.

Арыстан. Ақмарал, түсінсеңші, жаным-
ду! Мен жиырма жылға сотталған адаммын.

Ақмарал: Мен заңгерлермен сөйлестім.
Совет заңында жиырма жылға кесу жоқ, кейін
бәрі қайта қаралады”, - дейді.

Арыстан: Бүгін босатып жіберсе де мен
бұрынғы Арыстан емеспін. Үш жыл түрме дәмін
татқан адаммын. Бір кездегі қардан салған
үйшіктей аппақ арманым күйреген. Жан-дүниеме,
пиғыл-ниетіме де түрме өшпес таңбасын салған.
Қайтып үйірге қосыларым екі талай.

Ақмарал: Жок, Арыстан! Біз екеуміз де
даланың ұлы қарты Мамай атаның тәрбиесінен
өнгеміз. Біздің бастау-бұлағымыз кіршіксіз. Жол-
жөнекей кездескен шөп-шалам, күл-қоқыс лайлай
алмайды.

Арыстан: Ақмарал, бірбеткей
табандылықтың да жөні бар ғой. Үш жыл үзбей
қатынап тұрдың. Алла разы болсын! Көп қыздар
жиырма жыл түрмеге кеткен адамға үш жыл
қатынамақ, түгілі, екі жыл әскерге кеткен
жігіттерін де күте бермейді. Жас өмірінді маған
байлап қор қылма. Жігіт тауып ал, тұрмысқа
шық. Басың азат!

Ақмарал: Жүрсем жолым,

Өлсем молам

Бірге деген серт қайда.

Жанды еріткен,

Елжіреткен

Жүректегі өрт қайда.

“Күнім!” - деген.

Үнің неден

Тұншығады кеудеңде.
Бұл дүниеде,
Мәңгі деген
Махаббатың өлген бе?!
Ай мен күннен,
Соққан желден
Қызғанушы ең, - ол қайда.
Сенсіз өтер
Өмір бекер -
Өзім өлсем болмай ма?

Арыстан: Ақмаралым,
Атар таңым
Сеніменен ағарсын.
Қараң қалған
Қайран арман,
Қайдан тұрақ табарсың.
Сендік отым
Сөндіретін
Бұ жалғанда күш қайда.
Темір тордан,
Қалың сордан
Шыға алмаймын ешқайда.
Сені азат қып,
Мен азапты
Жалғыз татсам деп едім.
Жүрген менің
Құр сүлдерім;
Тағдыр салды, көнемін.

Ақмарал: Арыстаным, айта өрме ондайды,
Сүйе тұрып серттен тайсаң, сол - қайғы.

Қатар соққан екі жүрек болмаса
Бір махаббат бір кеудеге симайды.

Солай, жаным! Мен бір жола бекініп келген
даммын. Осы жолы некелесеміз. Сен азаттық
тығанша тірі жесір боп отырам. Тірлігімнің ендігі
бар мұраты - тосу болмақ.

А р ы с т а н : Жаным, Ақмаралым!..

Екеуі құшақтасып, сүйіседі. Шам сөнеді.

6 көрініс.

Ақтар мен қызылдар биі. Қызыл -
империялық өктемділікті танытса, ақтар -
патшалық Ресейді емес, - азаттық аңсаған
халықтар еркін бейнелейді. Би аяқталады.

Алматыдағы Үкмет үйінің сырты. Жоғарғы
Кеңестің мәжіліс залына кірер бет. Жайма
төсектерде аштық жариялап жатқан бес-алты
желтоқсандықтар. Ұрандар: “Желтоқсан
күрбандары толық, ақталсын!” “Репрессия
тиылсын!” “Қазақстанға - тәуелсіздік!” Бірер
жігіттің маңдайындағы ақ шаршыда “Алаш”,
“Азат”, “Азамат”, “Ақиқат”, “Шаңырақ”,
“Желтоқсан” т.б. жазулар бар. Аштық
жариялаушыларды қоршаған

Ел - хор:

Ата-бабам армандаған,
Келермісің, қайран заман.
Күндер қайда - еркін елім

Сар далада сайрандаған.
Көк бөрідей тегім қайда,
Көк теңіздей көлім қайда?
Желтоқсанда алып шықты,
Жетпіс жылғы кегім қайнап.
Деген заман ақты-қара,
Жақты күйе, жапты жала.
Шындығымыз - шала жансар,
Үмітіміз - қансыраған.
Азаттығы - ізгі арманы,
Жастар - елдің қызғалдағы.
Тарамаймыз ақталғанша
Желтоқсанның құрбандары!..

Хор аяқталысымен маңдайына ақ шарш
байлаған партия өкілдері алға шығып
жалынды сөздерімен елді қыздыра бастайды.

“Алаш”: Аштық жариялаған топқа кешеден
бері Александр Княгининнен басқа бір депутат
келген жоқ. Қазақ депутаттары - қорқақ.

“Азат”: Желтоқсан құрбандарын ақтауда
да бұрынғы міндет - “Қазақ ұлтшылдығы
туралы” қаулының күшін жойдыру. Тұта
халыққа ұлтшыл деп айып тағуға болмайды.

Алаш. Ұлтшыл дей берсін. Негі
қорқасыңдар. Мен - ұлтшылмын, ал!

“Азамат”: Сен өзіңді халықпен
шатастырма.

“Желтоқсан”: Халықтың сөзін біз ғана
айтамыз (“Азатқа”) Сендер КГБ-ның құрған
партиясысыңдар.

“Азат”: Сендер түгел надансыңдар. Саяси диалогқа өрелерің жетпейді. Елді босқа арандатасыңдар.

“Шаңырақ”: Бос даурықпай, қазақ жастарын баспанамен қамтамасыз ету жағын ойласқан жөн. Өз жерімізде азшылықта отырып ешбір ұлттық мәселені шешу мүмкін емес.

“Азамат”: Қарулы көтеріліске шығу керек.

“Азат”: Қайдағы қару? Айыр-күрегің де жоқ қой тіпті.

“Ақиқат”: Бас-басыңа арба айдамаңдар, жігіттер. Бәрің де “Ақиқаттан” енші алғасыңдар. Бізді тыңдасаңдар - алдымен өзара ынтымағымызды нығайтып алу керек.

Жаңбыр себелеп басталады да, лезде ақ нөсер құйып ала жөнеледі.

“Шаңырақ”: Рахман нұры жауып тұр. Жігіттер, бұл жақсылықтың нышаны. Әне, депутаттардың елшісі келе жатыр. Не айтар екен, Әб-ағаң.

Қолында қағазы бар, депутаттар өкілі шығады. Жігіттер ол кісінің үстіне қолшатырларын жайып, қоршай алысады.

Депутат: Жігіттер, қыздар! Бауырларым! Мен сіздерге игілікті хабармен келіп тұрмын. Мынау Жоғарғы Кеңестің әлгінде ғана бекіткен қаулысы.

Бұл қаулыны қабылдаттыру парламенттегі ағаларыңа да оңайға түскен жоқ. Оны да ескеріңіздер. Алайда жас өркеннің, мына сендердің екпіндерің өктемдіктің текпініне

төтеп берді. Желтоқсан оқиғасын байланысты айыпталған, сотталған барлы жастар ақталды. Ертеңнен бастап олар-азат “Сүйінші”, “Азат!,” “Жаса, ерлерім!” т.б қуанышты лебіздер жамырап, жастар у-шу мәре-сәре болысады. Осы кезде топ ішіне Ақмарал шығып Депутатқа таман келеді. Аяғы ауыр, ішін қолымен демей түседі.

Ақмарал: Ағай, тізімде Арыстан бар ма?..

Депутат: Арыстан? (Қағазына қарайды). Нұртаев па?

Ақмарал. Иә...

Депутат: Нұртаев Арыстан... Жиырма жылға сотталған, үш жыл сегіз ай отырыпты... Кімің еді, қарғам?

Ақмарал. (Сәл қымсына түсіп) Күйеуім.

Депутат. Бағың бар екен, айналайын. Арыстан ақталды. Азат.

Ақмарал ішін басып, толықси береді. Оны манадан бері әңгімеге куә боп тұрған жастар сүйей береді. Сахнада жарық азаяды. Нөсер күйі күшейе түседі. Оны басып “Жедел жәрдем” сиренасы естіледі. Ақ халатты дәрігерлер келіп Ақмаралды ала жөнеледі. Шат-шадыман ел дуы үдей түседі. Сәлден соң іңгәлаған сәби үні құлаққа келеді.

Сахна әлі қараңғы. Елдің сұлбасы ғана көрінеді. Әлден уақытта пистолет-шамның жарығы құнақтаулы бала көтеріп тұрған Мамай

қартқа түседі. Қасында Ақмарал мен Арыстан бар.

Мамай: Бұл менің шөберем. Әкесін тас құрсаудан босатып, азаттық ала келген сәби. Арыстанымның азаттығы алашымның азаттығына ұлассын деп атын “Азат” қойдым (Аят оқиды. Сәбидің құлағына айқайлап) Сенің атың - Азат, Азат, Азат!

Сахнада жарық молаяды. “Елім менің” әні шырқалады.

Шымылдық.

АЛМАТЫДАҒЫ АҚЫНДАРҒА ХАТ

Талабымды ұштаған, қаламымды -
Қайда біздің Алматы бала күнгі.
Саған ерте қол сілтеп кетіп едім
Сімірсем де тауса алмай шарабыңды.

Қайран біздің Алматы бала күнгі,
Қадіріңді мен сенің жаңа білдім.
Тізгін тартпай төріңде тайраңдадық
Телісі мен тентегі әр ауылдың.

Талай түнде жүректі жырлатып ем,
Талай дүрге жырымды тыңдатып ем.
Аманжолов Қасымды көре алмадым, -
Тоғызақов Қасыммен сырласып ем.

Қалшылдаған қарты мен балдырғаны -
Жырға құмар ол кезде жанның бәрі.
Сарайларда саңқылдап жыр оқыдық
Алға салып қарт қыран Әбділданы.

Баласынбай ағалар елегесін
Қоздырушы ек сөз сұрап делебесін.
Қалижан мен Хамиттың өз аузынан
Естіп едік баяғы төбелесін.

Ғафу ағам саңқ етіп қарап маңға
Сөз алған соң тоқтайтын таң атқанда.
Сырдария ағатын Алатаудан
Алшаң басып Сырағаң келе атқанда.

Талантыңды, тегіңді танып алып,
Жүруші еді ағалар жанына алып.
Мұқағали, Жұмекең, Тоқаш, Сағи -
Алдын көріп үлгердік тәлім алып.

Келіскен де күндер бар, керіскен де,
Өкпелесіп, артынан өбіскен де.
Кең еді ғой Кеңшілік, көнетұғын
Тай-құлындай інілер тебіскенге.

Жұматай ше? - Жұмағаң еркелеткен, -
Өзі еркелеп үлгермей, ерте кеткен.
Жесір қалған Ләйлісін кім жұбатар -
Сұлулығы ақынды өртеп өткен.

Елеңдеген күндер-ай өлең десе,
Мұңсыз адам бар ма еді менен кеше.
Лондон менен Парижді алмас едік
Алматыға баспа-бас берем десе.

Қайран қалам - бәсі жоқ, бағасы жоқ,
Ақындардың жасайсың анасы боп.
Алматыға қарайды ақын қазақ -
Тұманбай мен Қадырдың қаласы деп.

Жетісу мен Алатау - абат жерді
Айырбастап кеткенім ағат болды.
Ертегідей өткеннің көлеңкесін
Көк дөнелі көңілдің қарап келді.

Иланбасаң өзің біл, жалған десең,
Орындалмай қалған бір арман десең.



Кім нанады: келгенде Алматыға
Есенғали дударбас болған десем.

Өткен өмір - бұлдырап кеткен елес,
Оған аты ешкімнің жеткен емес.
Көзі кеткен еске алсам ағаларды, -
Жарасқан мен Шөмішбай өкпелемес.,.

19.19.2000 ж.

САҒЫНМАҒА ХАТ

Тегін тартқан түп-тұнық тас тұмадан
Арлан жігіт өзің ең, қасқыр ағам.
“Қырық қасқыр соқты, - деп - осы қыста”,
Қайта-қайта көрсетті Москвадан.

Сарыарқаның серісі соңғы қалған,
Санап жүріп Бетбақтан алдың арлан.
Омыраулап өтесің бұзып-жарып
Ат жығылып жататын омбы қардан.

Саят десе қырандай қалғымадың,
Тағылының қаншама алдың аңын.
Шығар ма естен, апарып Ақтау, Ортау,
Мылтық беріп мені де баулығаның.

Тағылының тағысын түнде қуып,
Бірде түлкі олжа сап, бірде киік,
Сарыарқада сайрандап жүруші едік
Азаматтың апталын күнде жиып.

Ай жарығы астында сығырайған
Табушы едің - күзеннің іні қайда.
Аңшы жары екенін дәлелдеген -
Нысанаға дәл атып сұлу Айман.

“УАЗигің” зырқырап ала қашқан
Тау мен тасын даланың аралатқан.
“Мергенмін!” - деп бөсуші ед Сәкен сесі -
Он оғының тоғызын далаға атқан.

Атқа мінген азамат санаттағы -
Бой түзейтін өзіңе қарап бәрі.
Қорықшыдай мылтығын бос сүйрейтін
Ағой менен Бұрманың Мараттары.

Сұрағанға сауғашыл шүлен ерім,
Алты ай қыста - тек сонар-тілегенің.
Жолбарысы Балқаштың құрымаса, -
Бес-алтауын жылда алып жүрер едің.

Москвадан көрген соң сені бүгін
Жария боп әлемге серілігің,
Сол күндерін сағынып хат жазады
Өлең қуып “жоғалған” Ерік інің...

КҮЛТЕГІН

Бабамнан қалған Күлтегін,
Қағаннан қалған Күлтегін,
Тасыңа таңба түскенде
Мендағы байтақ жұрт едім.

Қағанатымның атынан
Қарадай дұшпан үркетін.
Төрткүл дүние таныған
Толықсып тұрған Түркі елін.

Қазына тұнған қарібің
Таратып келген тәлімін.
Тереңде жатқан тегімді
Тұлғаңа қарап таныдым.

Нұр қонған мынау Астанам
Әспеттеп жатыр алыбын.
Даңқыңды тудай көтерді
Иманы көміл нар ұлың...

* * *

ЗЕЙНОЛЛА ОЛЖАБАЙҰЛЫНА

Жүз жасқа жету беріліп қойған сертім деп,
Жалғанның кешіп жалыны менен өртін көп,
Зейнеп әжемнің Зекіжан атты жалғызы,
Шалдықпай, талмай жетпіске жетті желкілдеп.

Олжабай атам өмірге екенен бір талы,
Жетпіс жыл бойы өмірдің әнін шырқады.
Атаның атын абыройменен көтерді,
Батыр Баяндай алдаспан ердің ұрпағы.

Соғыс жылдары жауменен тылда алысқан,
Молотилка айдап, өгіз жалына жабысқан.
Соғыстан кейін оқуын жалғап үзілген,
Төртінші кластан сегізіншіге ауысқан.

Тылдағы тірлік - таңдайға дәмі татыған,
Қалмайыншы деп шылауыңда оның қапыда.
Ауылдастарына Атабайды көру мұң болған
Заманда сонау Мәскеуге барып оқыған.

Темирязевтің академиясын бітіріп,
Білегін түріп, алақанына түкіріп,
Шақырсадағы Алматыңызға бұрылмай,
Ауылға келген, елім отыр деп күтініп.

Бақыты жанып Марғима тәтімді алғасын,
Өмірі тапқан бұлжымайтұғын арнасын,
Басшығұл болыс шаңырағының тірлігін,
Тәтемнен туған төрт ұл мен төрт қыз жалғасын.

Алдынан тарап келелі топтың алқасы,
Қайда барса да, құрметтеп тұрар ортасы.
Жігіттей жайнап жетпіске жетсең, жездеке,
Барлығы соның - менің апамның арқасы.

Әулетіміздің ауытқымаған безбені,
Өзінен бұрын тұрады ойлап өзгені.
Көңілденгенде баладай мәз боп шаттанар,
Ашуланғанда ұстап қалады безгегі.

Жетпіс жыл бойы алғыстан басқа алған жоқ,
Байтоқа бидің сара жолынан тайған жоқ.
Өмірге жездем, жездеме өмір риза,
Тәтем екеуі бармаған курорт қалған жоқ.

Бұл күнде жездем ішінен ептеп тынып жүр,
Өткен өмірден бір қателігін біліп жүр.
Тәтем екеуі Совет елімен шектелсе,
Күйеу мен қыздар шетелге шауып шығып жүр.

Мәжіліс құрып талай молдадан жол алды,
Иман да бақ қой, кісісін таңдап қонар-ды.
Жетпіске келіп тәубәсі түсіп есіне,
Сәждеге құлап, таза тақуа боп алды.

Мейірім - нұрға шүпілдеп тұрар жүрегі,
Ақылы - дана, баладай аңғал мінезі.
Әулетіміздің ендігі қалған үлкені,
Аға да жезде, әке де бізге бір өзі.



Жетпіске келдің, қанатың, жезде, талмасын,
Ұрпағың өсіп, көшіңді алға жалғасын.
Алла жеткізсе, сексен мен тоқсан, жүзің бар -
Үш рет жазам осы өлеңімнің жалғасын...

18.11.2000.

Қажымұрат Ыбырайұлы 53-ке толғанда

Ыбырай атам Қажымұрат қойып атыңды -
Меккені көксеп, Аллаға азан шақырды.
Ұрпақтарына дарытып кеткен батасын -
Нағман молда жат білген “Құран - хатымды”.

Бала күніңнен бұрқылдап бойда көрігің,
Бұлаңдап өстің, бұғауға көнбей желігің.
Диплом емес, білім алам деп баянды
Баспана қылдың балконын Сәкен Серінің

Көтерісем деп елдіктің туын құлаған,
Қуғын да көрдің, арылмай басың кінәдан
Құлқын деп емес, жұртым деп кіріп егеске
“Неформал” болдың, ақырып теңдік сұраған.

Едіге сынды еңірей сүйіп еліңді
Жалаңтөс едің, білмейтін өлер жеріңді.
Биікті биік алыстан көріп тұрады -
Нұрсұлтан ағаң таныды бірден тегіңді.

Таныды, тапты түңілдірмейтін інісін,
Ауырын жүктің арқаңа салды, ірі ісін.
Қиындықтарға қазанаттайын қайыспай -
Шапқан да сайын ашыла берді тынысың.

Кен қазған елге үміттің отын сен жақтың,
Алтайға барып жағын айырдың кержақтың.
Сілтеп келесің сескенбей Сәтбек батырдай
Түбіне жеткен кешегі кәпір Жармақтың.

Қызылжар келіп қыруар істі қотарған
Ерлігің мәлім, келесің озып қатардан.
Періштелерің қайда да қорғап жүреді -
Ел-жұртың аман қаптай ма деген топанна

Еңсесі биік қарағай сынды сен бүгін
Сібірдегі елдің танытып тұрсың елдігін.
Сахабалардың ерлігін күтіп тұр алда
Пайғамбар жасқа апаратұғын он жылың.

Өлеңге құштар, әуенге құштар көңілің,
Жасай бер, аға, салтанатымен серінің.
Мағжан болса өзіңе өлең арнар ед, -
Бұл жырды жаздым жоқтатпайын деп орыны

ҚЫЗЫЛЖАР

Қабағымды ылғи бағатын
Қайыңы қарындасымдай,
Шалдықсам тіреу болатын
Терегі аға-бауырдай -
Сағындым Қызылжарымды,
Сағындым туған ауылды-ай.

Алысқа самғап кеткенде
Қимайды сені құсың да.
Алқынып жазың жеткенде
Қимайды сені қысың да.
Сағынып Қызылжарымды
Талпынам мен де ұшуға.

Омырау қаққан шалғының,
Бүлдірген терген орманым,
Қоңыраулатқан бал күнім -
Әлі де менің арманым.
Қызылжар, қайран Қызылжар,
Құмарым саған қанбады.

Өлең маған дауасыз дерт болды анық,
Бала күннен құдым жолын қамданып.
Ата-анамның батасын ап аттандым
Он бесімде валеткамды қолға алып.

Алматыға өлең қуып мен келдім,
“Жас ақын” деп атағымды ел берді.
Жас ақыннан жақсы ақынға жеткенше
Қайран басты тау-тасқа ұрып сенделдім.

Сөзін сөйлеу қазақ деген халықтың
Құшағында жүру екен қауіптің.
“Айтыс деген - ән-күй жарысы емес” - деп
Сескенбестен сөздің сесін таныттым.

Жұлдызың бір жүрмегесін жарқырап,
Талантың да қалады екен тамтырап.
Комсомолға Имаш ағам келді де
Бағамды алып берді менің, жанды бақ.

Алматым деп, Астанам деп келгенмен, -
Кім бар маған құрақ ұшып төр берген.
Бас қалада баспананың зардабын,
Бұл қазақта Қасымнан соң көрген - мен.

Астанада қарсы алғанмен ақ таңды, -
Пәтерден соң пәтер жалдау басталды.
“Әне барам, міне кірем,” - деп жүріп
Имаш ағам Атырауға аттанды.

Жақсы інісін Нұрағам да сағынды -
Қайта оралды, ел тілегі қабыл-ды.
Астанда бөркімді аттым аспанға, -
Атырауда жылап қалды Табылды.

Тағдырымның талқысынан илеген,
Тартқан кезде даусым бәсең, күй-төмен,
Имаш ағам “Не керек?” - деп сұрады,
Екі әріпті әрең айттым “үй” деген.

Үйдің көзден бір-бір ұшып елесі,
Пәтер іздеп жүргенімде келесі -
Тайраң қағып төрт бөлменің төрінде
Төрт ботамның көкке жетті төбесі.

Төртеуі де ерте танып Құдайды,
Бес уақыт сәждесіне құлайды.
“Имағамды тілегіне жеткіз”, - деп
Жаратқаннан жалбарынып сұрайды.

Ағадан ап, сұрағанды Алладан,
Ойланамын: енді нем бар алмаған.
Сөзі бақты, өзі сорлы-ау Қасымның
Иманы бар бір ағасы болмаған...

21.06.2001

АТБАСАР

Атбасар - ат базары ертедегі,
Ертеде көрген күні ертегі еді:
Шаң жұқпас шашасына кіл жүйріктің
Жібектей жал-құйрығын жел төгеді.

Аямай аттың терін алыс қырдан
Жеткендер мұнда бағын салыстырған.
Атбасар ат базары алты алашқа
Аттардың неше атасын таныстырған.

Жүйрігін ғашығындай өлең етіп,
Сал-сері Атбасарға жөнелетін.
Арғымақ аялаған ақмаралдай
Алатын көздің жауын көлең етіп.

Аттардың қырда гүдей түр-түсі көп,
Ат десе алаңдамас бір кісі жоқ.
Ақанның Құлагерін айтушы еді
Ар жағы Атбасардың жылқысы деп.

Атқұмар ел көргем жоқ мынау елдей,
Жай таппас ат ойнатып шыға келмей.
Атасы Атбасарлық Сәкен сері
Сіңіскен Көкшетауға Құлагердей.

Көңлім, өткен күнге алаңбысың,
Ат базар бір сілемін табармысың?
Ей, бала, құла тайға жайдақ мінген -
Сәкен мен Құлагердей болармысың?!

06.08.2001

ЛӘЙЛІ-МӘЖНҮН

*О, жаратқар, махабатты қылдай қылып бөлсеңші,
Азабын да, ғажабын да Ләйлімен тең көрсемші
Мәжнүн (Қайс ибн Әл-Мұлауах).*

Араб елі ықылымнан ынтық еді өлеңге -
Аузыменен құс тістеген ақындар көп ол елде.
Жаһил Мекке аят емес, жырға елтіп тұратын,
Хазіреті Мұхаммедке пайғамбарлық келерде.

Пайғамбарға құран түсті, надан елге ес кірді,
Сөз біткеннің ең абзалы: “Лә, Илаһа - естілді,
Мекке бүлді, хижра болды, дінге кірді Мәдина -
Мұның бәрін түйе баққан бәдәулер кеш білді.

Келе-келе түйесіне артқан өмір мұратын,
Қазақтардай көшпелі елде жырға елтіп тұратын
Бәдәуидің баршасынан шықты сол кез мойны озып
Әну Әмір руынан Қайс атты бір ақын.

Ақындықтың Әбілхаят суын ішіп, ой бақты,
Қайс аты алып тұрды алыс қырды, аймақты.
Махабаттың жеке-дара бұлбұлына айналды,
Үл сипатты перизатты сүйіп қатты Ләйлі атты.

Көзі балдай, көзі шамдай, қаз омырау, ай мүсін -
Телі-кеш бәйіт еттіп жырға қосты Ләйлісін.
Бірде жанып, бірде танып жымындаған жұлдыздай,
Ақылсыған Ләйлі сұлу күнде арттырды қайғысын.

Ағызды ақын көзінен жас, көмейінен өлеңді,
Сүйген жүрек азапқа да, мазаққа да көнер-ді
Ләйлісінің ізін сүйіп, ел көзінше есалаң -
Мәңгілікке Мәжнүн деген атқа қалды ол енді.

Қуады ақын Сахараның сағымы мен елесін,
Қиялына өзі патша - ел не десе, о десін,
Махаббат та ақындықтай тәңірінің зор сыйы -
Ақындардың арасында жоқ Мәжнүн емесі.

Ләйлі деді, қайғы жеді, күні-түні зарлады,
Аспандағы ай мен күннен алыс еді арманы.
Қайран Қайс, махаббаты - шалқып жатқан дария,
Ләйлі соның бір шетіне аяғын да малмады.

Аятпенен айырбастап, арзымаған өлеңді,
Қағбаға кеп Аллаға көп жалбарынды ол енді.
Алла мұны азат етті: сақифтың бір шонжары
Қалың малын санап беріп, Ләйліні алып жөнелді.

Кеудесінде байыз таппай туған жүрек сүйге,
Бөлмесінде Қайс жатпай аласұрды үйінде.
Ақыл айтты жанашыр дос: Ләйлі деген көрген түс,
Салауат айт өткеніңе, қосыл келіп үйірге.

Ақыл-тегін, ағыл-тегіл айтып жатыр жан-жақтан,
Ағайынның ақылымен қай ғашық бар жан баққан.
Қайысады Қайс ақын ақыл-естен адасып,
Ет-жүрегін езіп өткен қара жердей салмақтан.

Жыры сылап жаза алмады жүректегі әжімін,
Ойы тұрақ таба алмады, адастырды қазығын.
Адам тілін қалды ұғудан, тұз тағысы - сырласы,
Маң далаға маңын кетті мұңлық ақын Мәжнүн.

Қасына кеп ай астында ат доғарған керуеннің:
“От керек пе? Ал - дейді - өртін күйіп тұрған
кеудемнің”.

Керуен одан су сұрайды: “Теңіз - дейді - көз
жасым,
Қандырайын сусыныңды, қаталаса шөлден кім”.

Түніменен қосады ақын жан қайғысын өлеңге,
Аттанады суыт керуен таңғы ала көбеңде.
От басыңда қалады ақын, - жыры кетер керуенмен
Ләйлі - Мәжнүн әңгімесін жариялап әлемге.

Бары осы еді болған жайдың. Өткен күнді
шаң басты.

Ай мен жылдар судай ақты, заманалар
алмасты.

Ұлы Шығыс шайырлары дастан жазды жарысып -
Ноуан мен Низамиден Шәкерімге жалғасты.

Олардағы жер қойнынан тапты мәңгі мекенін,
Жырлап баққан білгеннен соң дүниенің өтерін.
Біліп баққан баба ақындар - інілері Қайстың -
Махаббатсыз бұл жалғанның таза жалған екенін.

Рахман Раббым! Кешіре көр Қайс атты пендеңді -
Сорлы ақынның таухиты да, тәубесі де кем болды.
Қайыс ақын, Ләйлі қатын хикаясын тәмамдап,
Тәубе қылып намазыма жығылайын мен де енді...



Сібірге келді сары күз -
Жапырағы жаздың жайрады,
Атала болды айраны,
Айрандай болды қаймағы.

Сібірге келді сары күз -
Қақаған қыстың жаушысы,
Қырау тіс дырау қамшысы -
Мұз болып түсер тамшысы.

Сібірге елді сары күз -
Артынан қары қаптайды,
Қаптарда есік қақпайды,
Төріңе бір-ақ аттайды.

Сібірге келді сары күз -
Қорғасын бұлттар көшеді,
Азынап желі еседі
Күндерлі қуып кешегі

Сібірге келді сары күз -
Желегін алып жаз қашты.
Қыз бенен кемпір алмасты,
Сібірдің күзі-албасты...

СІБІР

Атамыз орда салған жер,
Кіндігім қаны тамған жер -
Сібірдің құйттай қойнауы -
Ермаққа бермей қалған жер.

Сібірде туған бөрі едім -
Арқада болды көрерім.
Алдымнан таулар анталар,
Артымда - қайың, терегім.

Сібірдің қысы келгенде
Ие жоқ боран, желдерге.
Арқаның қысы - ойыншық -
Сібірдің қысын көргенге.

Орманға бойлап енбесең,
Жидегін жалдап термесең,
Жаз көрдім деуге бола ма, -
Сібірдің жазын көрмесең.

Сібірдің төсі - ақ орман,
Алғыспен елі ағарған.
Бабаның балдай арманы -
Сібірім - бізге әлі арман.

Мекенім - Ібір-Сібірде,
Сібірден, елім, түңілме.
Көкелеп кірер құшаққа,
Көшімнің жұрты түбінде...

ЖОЛАУШЫНЫҢ ЖОЛ ЖЫРЫ

Тағдырдың бар ма тосқаны -
Сапарым қырдан аспады.
Сүркөжек мініп шығып ем -
Сәскеге жетпей ақсады.

Сақылдап маған жел күлді,
Желменен бірге ел күлді.
Буырыл мініп шығып ем -
Бесінге бармай болдырды.

Көрді де менің түрімді
Күлкіден елім қырылды.
Жирен ат мініп шығып ем -
Жерошаққа кеп сүрінді.

Тағы да “қызық” ел күтті,
Дәрменім құрып, дем бітті.
Ақбозат мініп шығып ем -
Аттамай жатып мертiкті.

Ат деген енді менде жоқ,
Сақылдап күлер жел де жоқ.
Күлген жоқ, ешкім білген жоқ -
Қосылдым жаяу елге кеп...
Қайран, Елім-ай!..

СЕН ҚОҢЫРАУ ШАЛҒАНДА...

Сен қоңырау шаласың ара-тұра,
Демін жұтып, қалғандай қала тына -
Аз ғана сәт мен сонда қосыламын
Ең бақытты жандардың санатына.

Анда-санда көремін, тілдесемін,
Көрген сайын ғажайып күй кешемін.
Менің нәзік жанымды қайдан ұқсын
Өзіме ұқсап өртеніп сүймесе кім.

Бозбаладай бозарам сені көрсем,
Қай орманның қылықты елігі ең сен.
Күлімсіреп қарасаң қабақ керіп
Көтеріліп қалады менің еңсем.

Аққу мойның, сүйріктей саусақтарың -
Елестетіп отырам, аңсап бәрін.
Екеумізден басқа кім көріп-білген
Дарияға дарияның қарсы аққанын.

Ара-тұра қоңырау шалғаныңда -
Қолыма кеп қонғандай арманым да.
Сыңғырлаған үніңді ести берсем -
Өтпейтіндей көрінер жалғаның да...

АРАЛДА

Қайғы-мұң, дерті ғаламның –
Айдынын көрдім Аралдың.
Жаралы теңіз әлі де
Алады жауын жанардың.

Басынан кешіп мың қайғы
Тулайды теңіз, тынбайды.
Аққабә толқын алқынып
Жарасқанға ұқсап жырлайды.

Жырлайды теңіз табжылмай,
Естіп пе ең бұрын ән мұндай.
Тіліп түседі тастары
Жарасқан айтқан қалжыңдай.

Адамға бар ма өкпеңіз, –
Аралым, алыс кетпеңіз.
ДАЛАға Жарас жырлаған
Төр беріп жатыр көк теңіз.

Бұйығып құмы бұғады,
Булығып теңіз жылады:
– Жарасқан ағаң қайда? – деп,
Толқыны тынбай сұрады.

– Өртеніп Ақын өлгенмен, –
Ажалға жыры көнген жоқ.
Шарлап жүр қазақ даласын
Аралдан ұшқан көкжендет...

Күндер зуылдап аққан,
Түндер дуылдап баққан,
Айналдыңдар ма сағымбға;
Жұлдыз аспанды кернеп,
Дүр қыз жас жанды тербеп
Бозбала балғын шағымда;
Көңіл-өшпестей табы,
Өмір-көшпестей мәңгі
Жастықтың жасыл бағында;
Жүрек достарға шөлдеп,
Тілек аспанға сермеп
Ұмсынып айды алуға;
Досым селдіреп қалды,
Жасым мөлдіреп тамды -
Мұндасар жан жоқ жанымда.
Заман озады бастан,
Маған ажары қашқан •
Қарттық таңбасын таңуда...

МАЗМҰНЫ

Поэмалар

Қазақстан ғасыры

1. Бастау.....	5
2. Империяның күйреуі.....	7
3. Тәуелсіздік тағлымы.....	11
4. Арқадағы Астана.....	14
5. Түйін.....	19
Бозауыз ат.....	21

Либретто

Айналайын, Азатым.....	37
------------------------	----

Өлеңдер

Алматыдағы ақындарға хат.....	62
Сағымбайға хат.....	65
Күлтегін.....	67
Зейнолла Олжабайұлына.....	68
Қажымұрат Ыбырайұлы 53-ке толғанда.....	71
Қызылжар.....	73
Өлең маған дауасыз дерт.....	74
Атбасар.....	76
Ләйлі-Мәжнүн.....	77
Сібірге келді сары күз.....	80
Сібір.....	81
Жолаушының жол жыры.....	82
Сен қоңырау шалғанда.....	83
Аралда.....	84
Күндер зуылдап аққан.....	85

Литературно-художественное издание

Ерік Асқаров

ҚАЗАҚСТАН ҒАСЫРЫ
(на казахском языке)

Авторлық басылымда
Техникалық редакторы *С. Бейсенова*
Суретші *Е. Сүлеймен*